



**«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы
бойынша Ерейментау қаласының Н.Смағұлов атындағы мектеп-
лицей» КММ-нде 1 - сыныпқа оқушыларды қабылдау
(оқыту тілі -қазақша және орысша)**

Ережесі

(24.03.2023 педагогикалық кеңес отырысында қабылданды)

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ереже Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңының 26 – бабы 2- тармақшасына және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін білім ұйымдарының (бұдан әрі -ұйым) оқуға қабылдау Типтік ережелеріне сәйкес әзірленді.
2. «Н.Смағұлов атындағы мектеп-лицейі» КММ -не қабылдау конкурстық іріктеу негізінде жүзеге асады.

2. Құжаттарды қабылдауды және конкурсты өткізуді ұйымдастыру

2.1. Бірінші сыныпқа балаларды қабылдауға конкурс өткізу үшін қабылдау комиссиясы құрылады.

2.2 . Бірінші сыныпқа 2023 жылдың 01 қыркүйегіне дейін алтыға толған мектепке дейінгі тәрбие және мектепалды сыныптар үшін Мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес білім мен біліктерін меңгерген балалар қабылданады.

3. Оқушыларды бірінші сыныпқа қабылдау бойынша конкурс өткізу

3.1. Конкурс өткізу үшін лицей директорының бұйрығымен қабылдау комиссиясы құрылады .

3.2 . Конкустық іріктеу әңгімелесу түрінде келесідей пәндерден өткізіледі: математика, логика, тіл дамыту 2022 жылдың 03 сәуірінен 15 маусым аралығында өтеді;

3.3. Баланың мектепке дайындығын анықтау үшін тапсырмалар пайдаланылады:

- дыбыстарды айту және дыбыстарды есту сапасы;

- қолдарының ұсақ бұлшық еттерінің дамуы ;

- кеңістік бағдары;

- сөйлеуінің дамуы (логика, экспрессивтілік);

- интеллектуалды дағдыларының қалыптастуы;

- есептеу дағдыларының қалыптасуы;

- логикалық ойлау жағдайы;

- ой-өрісі;

- танымдық процестерінің дамуы (зейін, есте сақтау, ойлау);

3.4. Конкурстық іріктеу ата-аналарының қатысуынсыз өтеді ;

3.5. Қайта конкурстық сынаққа жол берілмейді;

3.6. Конкурстық іріктеу нәтижесінде бірінші сыныпқа қабылданған балалардың тізімі ағымдағы жылдың 20 маусымында жарияланады;

3.7. Бірінші сыныпқа қабылдау үшін келесідей құжаттар қажет :

- әңгімелесу нәтижесі бойынша қабылдау комиссиясының қорытындысы;

- ата-аналардың өтініші (заңды өкілдерінің);

- қабылданған баланың туу туралы куәлігінің көшірмесі копия;

- денсаулығы туралы анықтама (медициналық құжат);

- 3x4 фотосуреті – 2 дана.